

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 147-150.

ӘОЖ 636.39.034

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА СҮТТІ БАҒЫТТАҒЫ ЕШКІ ТӨЛДЕРІН АЗЫҚТАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Ибрагимова Шынар, 4-курс студенті
Омарова Қ.М. - а.ш.ғ.к., аға оқытушы
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті, Астана қ*

Қазақстанда ешкі шаруашылығын дамыту перспективалары республикада қол жетімділігі таулы (7,2 млн. га) және тасты (18,2 млн. га) жайылымдардың едәуір алқаптарының болуымен, ешкілер санының нарықтық экономика жағдайында елеулі өсуімен және ішкі және сыртқы нарықтарда олардың өнімдеріне сұраныстың артуымен айқындалады [1].

Қазіргі уақытта сүтті ешкі шаруашылығына қызығушылық көбеюде, оған себеп ешкілердің жоғары өнімділігі мен ешкі сүтінің бірегей қасиеттеріне байланысты. Жоғары өнімді сүт-ешкі салмағынан 15-25 есе көп сүт алуға болатындығы анықталды. Ешкі сүті минералды заттардан, дәрумендерден, ферменттерден, гормондардан тұрады. Қазіргі уақытта ешкі сүті мен оның өнімдері халық сұранысына ие болуда. Сауда желісіне негізінен пастерленген ішуге арналған ешкі сүті жеткізіліп отырады, ал оның айран, сүзбе, ірімшік, простокваша, йогурт сияқты өнімдері мүлдем тапшылық болып саналады [2,3].

Бірнеше онжылдықтар бұрын Солтүстік Қазақстан облысында ешкі шаруашылығының дамуы, экономикаға жақсы серпін тигізуде. Сүтті мал шаруашылығынан кейін ешкі шаруашылығын жаңғырту мен индустриялануда, осыған орай соңғы жылдары біздің еліміздегі бұл сала өз дамуында айтарлықтай жетістіктерге жетуде. Жаңа технологияларды енгізу есебінен ешкі өсіруге деген қызығушылығының артуы және олардың өндірілетін өнім ассортиментін ұлғайтуға, жұмысшылардың санын азайтуға деген ұмтылысы осы саланы қайта өңдеу өнеркәсібін құруға қол жеткізді, сондай-ақ өз өндірістерін жоғары рентабельді және қалдықсыз етті. Осыған байланысты мал шаруашылығының бұл саласы көптеген өнімдер мен шикізаттармен нарыққа шыға алды. Ал сүттің диеталық және емдік қасиеттеріне байланысты сүтті ешкі өсіру соңғы кездері әлемнің көптеген дамыған елдерінде перспективалы салаға айналуда.

Мал шаруашылығының құрылымында ешкі өсіру маңызды рөл атқарады. Бірнеше мыңжылдықтар бойы бұл сала адам өміріндегі өзінің жоғары практикалық маңыздылығын дәлелдеуде. Осыған байланысты қарқынды ұстау технологиясы бар ешкі шаруашылықтары белсенді өсуі

байқалады. Ешкі шаруашылығын дұрыс жүргізген кезде сүт ешкі фермасы өте тиімді бизнес болып табылады. Бұл ешкілерді жем-шөп пен ұстау жағдайлары сиырларға қарағанда әлдеқайда жеңіл болғандықтан тиімді және жақсы даму перспективалары бар.

Мал шаруашылығында сапалы өнім алу және малдың денсаулығын сақтау маңызды міндет болып табылады. Малды ұстау мен азықтандыру сүттегі май мен ақуыздың онтайлы құрамын сақтай отырып, сүт өнімділігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан сүтті ешкілерді азықтандырғанда өнімділік көрсеткіштерін артыраттын азықтармен азықтандырған жөн. Өздеріңіз білетіндей, сүтті бағыттағы малдың, оның ішінде ешкілердің өнімділігін арттыру азықтандыру нормаларын әзірлеусіз және жетілдірусіз мүмкін емес, азықтандыру әдетте өнімділігін арттыру үшін нормаланады. Ешкілер азыққа қарапайым, бірақ ірі және шырынды азықтар, концентратты азықтар және де түйіршіктелген азықтар рационның негізгі бөлігін құру керек.

Ешкілер азық түрін онша таңдамайды, басқа малдармен салыстырғанда олар қоректік заттарды, әсіресе, клетчатканы жақсы қорытады. Негізінен, ауа райының бір қалыпты жағдайында ешкілердің қоректік заттарды қорыту үрдісі басқа мал түрлеріне қарағанда айырмашылығы аз. Сонда да, әлемнің әр жерінде жүргізілген 20 зерттеудің 12-сінде, ешкі малы азықтың мынадай қоректік заттарын басқа мал түрлеріне қарағанда жақсы қорытатыны анықталған [4].

Жоғарыда келтірілген мәліметтер ешкі сүтін өндірудің агроөнеркәсіптік кешендерін және оны қайта өңдейтін шағын индустриялық кәсіпорындарды құрудың өзектілігі мен қажеттілігін айқындайды.

Зерттеу жұмыстары Солтүстік Қазақстан облысы, «Тамаша» шаруа қожалығындағы сүтті бағыттағы Заанен ешкі төлдеріне жүргізілді. Зерттеу тақырыбы бойынша азықтандыру технологиясы ерекшеліктері қараластырылды. Шаруашылықта пайдаланылатын жем-азық қорының мәні өте зор, себебі келешекте сапалы өнім алу мақсатында төлдері туылған күннен бастап күнделікті белгіленген азықтандыру рационы құрылды, сонымен қатар азықтық базасындағы негізгі азықтарды сақтау орындары жақсы ұйымдастыру мен бірге күтіп- бағу жағынан ұсыныстар берілді.

«Тамаша» шаруа қожалығында малдарға сапалы және құнарлы азықтың берілуі маңызды бір процесс болып саналады. Шаруашылықта сапалы рацион малдардың физиологиялық жағдайына, жасына, жынысына, өнімділігіне қарай және сауым маусымына байланысты құрылады. Рацион құру кезінде басты назар толық құнды табиғи сүт алмастырғыштың, құрғақ зат, ірі және шырынды азықтардың құрамы мен рациондағы жасұнық мөлшері мен сапасына назар аударылады. Сүтті тұқымды Заанен ешкілерінің санын одан әрі көбейту және олардың өнімділігін арттыру көбінесе азықтандыруға байланысты.

Лақтарды туылғаннан кейін бірден енелерінен бөлу жүзеге асырылады, яғни шаруашылықта аналықсыз өсіру әдісін қолданады. Жаңа туылған

төлдерде иммундық жүйенің толық дерлік жоқтығымен туылады, сол себепті уыз сүті иммунитеті қалыптыстыруға қажетті антиденелердің көзі болып табылады. Туылғаннан кейін ешкі уызының алғашқы 30-40 минуттан кешіктірмей берілді.

Тазалықты қатаң сақтай отырып, уызды стерильді резеңке емізігі бар шөлмекпен берілді, содан кейін автоматтандырылған суарғышқа үйретілді. Лақтарды алғашқы күндері сабан төселген торда ұсталды, оның ортасында ағаш кептіргіш пен қатар үстінде жылыту шамдары орналасты.

Лақтарды арнайы азықтандыру рационы құрылды, аналықсыз өсіргенде толыққанды сүт алмастырғыш қоспасы дайындалды.

Азықтандыру жағдайын өзгерту бірте-бірте болуы керек, сүт беруді бірден тоқтатсақ асқазан жұмысына және физиологиялық жетілу тұрғысына өз әсерін тигізеді. Лақтарды 10 күндік жастан бастап қосымша азықтармен қоректендіруге болады. Бастапқы күндері аз мөлшерде ірі және құрама жемдерді үйрете азықтандырсақ, кейін күнделікті мөлшерін біртіндеп арттыру маңызды.

Лақтар 1 айға дейін жақсы концентрацияланған, ірі және құрама жемдерді жақсы жеу керек. Шаруашылықта жүргізілген зерттеулер кезінде лақтарға берілген азықтандыру рационы 1-кестеде көрсетілген.

1-кестеде Лақтарды толыққанды сүт алмастырғышпен (ТСА), ірі және құрама жемдермен азықтандыру сұлбасы.

Жасы, күні	Тәулігіне азықтандыру саны	Сүт көлемі бір рет азықтандырғанда, г	Тәуліктік сүт ішу көлемі	Тәуліктік пішен көлемі, г	Тәуліктік құрама жемдер көлемі, г
1-5	5	180	900	-	-
5-10	5	280	1400	үйрету	үйрету
10-20	4	400	1600	100	50
20-30	3	600	1800	150	100
30-40	3	465	1400	250	100
40-50	2	600	1200	300	100
50-60	2	500	1000	350	150
60-70	2	500	1000	400	250

1-кестенің жалғасы

70-80	1	600	600	500	300
80-90	1	500	500	600	350

Кестенің деректеріне сүйене отырып, лақтардың жасына байланысты, яғни туғаннан 3 айға дейін ТСА мөлшерін азайту арқылы, қосымша азықтандыру рационы жасалды. Алғашқы күндері уыз сүтімен 5 рет азықтандырылды, бір реттік мөлшері 100 мл. Күн сайын сүт мөлшері 20 мл-ге артады және бесінші күні сүттің бір мөлшері 180 мл-ге дейін

жеткізіледі. Келесі күндері күніне 30 мл-ге арттырамыз, тоғызыншы күні сүттің бір көлемі 280 мл болуы керек.

Оныншы күннен бастап қосымша азықтарға үйрету басталды. Бұл ретте сүт негізгі азығы болғандықтан мөлшері өзгермей, 4 мезгілдік азықтандыруға ауыстырамыз. Үш апталық жастан бастап лақтарды ас қорыту жүйесі ірі, құнарлы азықтарды қабылдауға дайын. Осыған орай күн сайын сүт мөлшерін азайта отырып, ірі, құнарлы азықтардың тәуліктік тұтыну көлемін арттырдық, осылайша 3 айдан асқан кезде сүтті рационнан мүлдем алып, ірі және құнарлы азықтармен азықтандырдық.

Мал басының өсуі, сапа өнімді өндіру, өнімділікті жоғарылатудың бәрі шаруашылықтың күтіп-бағу мен азықтандыруға негізделеді [5,6]. Шаруашылықтағы төлдерді азықтандыру жағдайына аса көңіл бөлінді. Сапалы әрі құнарлы азықтар беру арқылы өнімділікті жоғарылату үстінде. Күтіп-бағу мен санитарлық-гигиеналық жағдайлары қатаң түрде бақыланып отырады.

Әдебиеттер тізімі

1 Козоводство в Казахстане. [Текст]: Режим доступа: <https://www.kazportal.kz/kozovodstvo-vkazahstane/> Дата обращения 22.02.2023 г.

2 Фатихов А.Г., Хаертдинов Р.А. Технологические свойства козьего молока // [Текст] // Ученые записки Казанской государственной академии ветеринарной медицины им. Н.Э. Баумана. – 2016. – Т. 226. – 217 с.

3 Нуралиев М.Т. Продуктивные качества новой создаваемой казахской молочной породы коз [Текст] // Нуралиев М.Т. Арынгазиев С.Ж., Кенжебаева Т.Е., Багжаева С.С. Современные аспекты развития сельского хозяйства юго-западного региона Казахстана: матер. междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 60-ю д.с.-х.н., проф., акад. АСХН РК Паржанова Ж.А. – Шымкент, -2018. – С. 172-175.

4 Омарқожаұлы Н. «Мал азықтандыру және азықтандыру сапасын бақылау» [Мәтін]: Омарқожаұлы Н., Абдрахманов С. -Астана.-2015. – 174 б.

5 А.В. Кильпа, Ю.Д. Квитко, Б.Т. Абилов, И.А. Синельщикова (ГНУ СНИИЖК) Нормированное кормление козлят молочных пород. [Текст] // А.В. Кильпа, Ю.Д. Квитко, Б.Т. Абилов, И.А. Синельщикова. ДК 636.39.84.1

6 Xu, J. Early Supplementation with Starter Can Improve Production Performance of Lambs but this Growth Advantage Disappears after 154 Days of Age. [Text] // Xu, J., Li, F., Zhang, Z., Zheng, C., Shen, Z., Ma, Z., Wang, J., Zhang, F., Wang, J., Ran, H., Yun, Y., Liu, T. Animals, -2023.- 13 (3), -P.-372.